

2 Теміржол вокзалдары қайта түледі



5 «Қайсардың» Павлодардағы жеңісі



Сыр бойы

№95 (21170) 30 маусым, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ЫҚПАЛДАСТЫҚ ҚАРЫМЫ

Кеше Астанадағы Тәуелсіздік сарайында елімізге ресми сапармен келген Грузия Премьер-министрінің қарсы алу рәсімі өтті. Іс-шара барысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзе бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қараулы ротасының бастығы рапорт берген соң Қазақстан мен Грузияның өнұрандары шырқалды. Мұнан кейін Қазақстан Президенті мен Грузия Үкіметінің басшысы шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ираклий Кобахидзеге ілтипат көрсетіп, аталған сапар қазақ-грузин серіктестігін нығайтуда өте маңызды екенін атап өтті.

– Бұл сапар табысты болатынына сенімдімін. Қазақстан Грузияны стратегиялық тұрғыдан маңызды әрі дәстүрлі серіктесі ретінде қарастыратынын атап өткім келеді. Біз көптеген бағытта, соның ішінде экономикалық немесе гуманитарлық салаларда тығыз байланыс орнаттық. Мұндай ықпалдастық алдағы уақытта да жалғасуға тиіс деп ойлаймын. Мемлекет басшысы ретінде ынтимақтастығымыздың қарқынды дамып, нәтижелі болуына барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Сіздер Қазақстанның стратегиялық серіктесі саналасыздар. Елімізбен достықты және ынтимақтастықты жоғары бағалаймыз. Қазақстандықтар Сіздің еліңіз бен халқыңызды шын мәнінде құрметтейді. Бүгінде көптеген туристеріміз Грузияға барып, жақсы көңіл-күймен оралып жүр. Әрине, әлі де іске асырылмаған мүмкіндіктеріміз мол. Сондықтан екіжақты ынтимақтастыққа тын серпін беру үшін қолда бар әлеуетімізді тиімді пайдалануға бар күшімізді жұмылдыруымыз қажет, – деді Президент.

Ираклий Кобахидзе Қазақстанға ресми сапармен келіп, жоғары деңгейде кездесу өткізуді өзіне зор мәртебе санайтынын айтты.

– Біз Грузия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән береміз. Серіктестігіміздің стратегиялық сипат алғаны қуантады. Ынтимақтастығымыздың негізгі мәні де осында. Алайда, Өзіңіз атап өткендей, жүзеге аспаған әлеуетіміз жетерлік. Сондықтан оны толық іске асыруға күш салуымыз керек. Елдеріміз арасындағы берік саяси және экономикалық, сондай-ақ білім беру, мәдениет және басқа да көптеген салалардағы ықпалдастықты қолдаймыз. Барлық бағыттағы байланыстарды арттыруға айрықша ниетіміз. Бұл сапардың маңызы ерекше. Өйткені біз Стратегиялық серіктестік туралы бірлескен мәлімдемеге қол қоямыз. Аталған құжаттың екіжақты ынтимақтастыққа тын серпін беретініне сенімдімін. Серіктестігіміз ортақ құндылықтарға негізделген, сондықтан қарым-қатынасымыздың әлеуеті зор. Елдеріміз арасындағы достық пен өзара ықпалдастыққа қолдау көрсеткеніңіз үшін алғыс айтамын, – деді Грузия Премьер-министрі.

ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯ 1 шілде күшіне енеді

КОНСТИТУЦИЯ АДАМНАН БАСТАЛАДЫ



2026 жылдың 1 шілдесі – Қазақстанның тәуелсіздік тарихындағы тағылымды күндердің бірі. Дәл осы күні жалпыхалықтық референдумда қабылданған жаңа Қазақстан Республикасының Конституциясы заңды күшіне енеді. Бұл – жаңа Негізгі Заңның қолданысқа енгізілуі ғана емес. Бұл – мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімге, азаматтық жауапкершілікке және ортақ құндылықтарға негізделген Қазақстан дамуының жаңа кезеңінің басталуы.

Соңғы айларда жаңа Конституция туралы аз айтылған жоқ. Заңгерлер оның әрбір бабына құқықтық талдау жасап жатыр, сарапшылар мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзгерістерге баға беруде, саясаттанушылар конституциялық реформаның болашағы жөнінде пікір білдіруде. Мұның бәрі заңды әрі қажет.

Алайда Конституция өз күшіне енер алдында, мен бұл мәселеге басқа қырынан қарағым келеді.

Жаңа Конституция күшіне енгеннен кейін шын мәнінде не өзгеруі тиіс? Әрине, ең алдымен заңдар жаңа Конституцияға сәйкестендіріледі,

мемлекеттік институттар жаңа құқықтық кеңістікте жұмыс істейді, жаңа конституциялық тетіктер іске қосылады. Бірақ мұнымен ғана шектелуге бола ма?

Тарих көрсеткендей, ең кемел заңның өзі қоғамды өздігінен өзгертіп, Мемлекеттің басқару құрылымын жетілдіруге болады, жаңа институттар құруға болады, азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді кепілдіктерін бекітуге болады. Бірақ сол құндылықтарды өмірде жүзеге асыратын адам өзгермесе, заңның әлеуеті толық ашылмайды.

Конституция оның мәтіні жария-

ланған немесе заңды күшіне енген күні өмір сүре бастамайды. Конституция қоғамның санасына орнығып, күнделікті өмір салтына айналған кезде ғана шынайы күшіне енеді.

Сондықтан жаңа Конституцияның тарихи маңызын тек енгізілген өзгерістердің санымен немесе мемлекеттік басқару жүйесіндегі жаңашылдықтармен өлшеу жеткіліксіз. Ең бастысы – оның қоғамға қандай құндылықтарды ұсынатынында, азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты қандай жаңа деңгейге көтеретінінде.

3-бет

СЕНАТТЫҢ СОҢҒЫ ОТЫРЫСЫ

Кеше өткен жиында Сенат Төрағасы Мәулен Өшімбаев Қазақстан Парламенті 30 жыл ішінде өкілді демократияның негізгі институтына айналғанын және бұл уақыт аралығында ел өмірінің барлық негізгі саласын қамтитын маңызды шешімдер мен заңдар қабылданғанын айтты. Сондай-ақ парламенттік реформа – «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына негізделген ауқымды жаңғырту стратегиясының дәйекті жалғасы екенін жеткізді.

– Еліміз үшін тағдыршешті осы кезеңде өзіміз және Сенаттың депутаттар корпусы атынан Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Мемлекет басшысының бізге артқан зор сенімін, жан-жақты қолдауын және ауқымды реформаларды жүзеге асыру жұмыстарына қатысуға берген мүмкіндігін жоғары бағалаймыз. Біз әрдайым Тәуелсіздікті нығайтуға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және халық мүддесіне қызмет етуді көздейтін Президент саясатына адал болып қала береміз. Бүгінде Қазақстан сапалық тұрғыдан жаңа даму кезеңіне қадам басып отыр. Сондықтан жаңа Конституцияны толыққанды іске асыру және Әділетті Қазақстан құру жолында барлық прогрессивті қоғамдық-саяси күштердің Мемлекет басшысының саясаты төңірегінде топтасуы аса маңызды, – деді ол.

Мәулен Өшімбаевтың сөзінше, Сенат өз тарихында 890-нан астам оты-

рыс өткізіп, 3,5 мыңнан астам заңды қабылдап, мақұлдаған. Әрбір оныншы заң депутаттардың бастамасымен әзірленген. Бұл құқықтық актілер Қазақстанның жаңа саяси, экономикалық және фискалдық моделінің негізін қалап, әлеуметтік саясаттың берік құқықтық базасын қалыптастырды.

– Сонымен қатар сот және құқық қорғау жүйесін жаңғырту, азаматтардың құқықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және ұлттық қауіпсіздікті нығайту әрдайым басым бағыттардың қатарында болды. Заң шығару қызметімен қатар Палата басқа да бағыттарда белсенді жұмыс жүргізді. Осы кезеңде 60-тан астам парламенттік тыңдау мен 3 мыңнан астам жұпарлы іс-шара ұйымдастырылды. Үкіметке қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша 3 мыңға жуық депутаттық сауал жолданды. Осындай ауқымды жұмыстың барлығы халықтың мүддесін қорғауға және мемлекетімізді нығайтуға бағыт-

талғанын атап өткен жөн, – деп толықтырды Мәулен Өшімбаев.

Палата Спикері бұл ретте ел игілігі жолында бірлескен нәтижелі жұмыс үшін әріптестеріне алғыс айтты. Сондай-ақ отырыста Сенаттың өңірлердегі қызметіне, қоғамдық-саяси коммуникацияны нығайтуға, реформаларды халыққа түсіндіруге, түрлі сала мамандарының сараптамалық әлеуетін дамытуға арналған жобаларына ерекше назар аударылды. Сенат Төрағасы «Өңір», «Бір ел – бір мүдде» депутаттық топтарының, «Ұлттық мүдде» диалог алаңының, Орнықты даму саласындағы ұлттық максаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның, сондай-ақ, жүздеген белсенді азаматтың басын біріктірген Сенат жанындағы Taldau community жобасының жұмысын жоғары бағалады.

Қорытынды отырыста Сенат инклюзивті қоғамды дамытуға және параспорты қолдауға арналған әлеуметтік, спорттық жобаларды жүйелі түрде іске асырып келе жатқанына мән берілді. Палата 20 жыл бойы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін және оның Хатшылығының отырыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып келгені де назардан тыс қалған жоқ.

«СБ» ақпарат

/// САРАП

ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ ТЕҢГЕРІМДІ БОЛСА...

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында еңбек ресурстарының теңгерімі маңызды рөл атқарады. Бір өңірде жұмыс күші артық болса, енді бір аймақта маман тапшылығы сезіледі. Мемлекет еңбек нарығындағы дисбалансты азайту үшін азаматтардың ерікті түрде қоныс аударуына жағдай жасап келеді. Бұл бастама тек көшу мәселесін шешіп қана қоймай, мыңдаған қазақстандыққа тұрақты жұмыс тауып, өмірін жаңадан бастауға мүмкіндік берді.

Кейінгі жылдары жұмыс күші мол өңірлердің бірі саналатын біздің облыста да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүзеге асырылуда. Нәтижесінде жүздеген отбасы республиканың солтүстік және шығыс өңірлеріне қоныс аударып, мемлекеттік қолдаудың игілігін көріп жатыр. Бағдарламаның тиімділігі неде? Қоныс аударушыларға қандай мүмкіндіктер ұсынылады? Жобаның өңір экономикасына әсері қандай? Осы мәселелерге тоқталып көрейік.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2026

Құрметті оқырман!

2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы **6 айға – 5000 теңге**

ЖИ: НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР ІСКЕ АСУДА

Кеше Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаспан Мәдиевтің төрағалығымен жасанды интеллект мәселелері бойынша тренинг-семинар өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жиында Мемлекет басшысының цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту жөніндегі тапсырмаларының, өңірлердегі цифрлық жобалардың орындалуы, мемлекеттік басқару жүйесіне заманауи технологияларды енгізу барысы талқыланды.

Бүгінде өңірде білім беру, денсаулық сақтау және қоғамдық қауіпсіздік салаларында бірқатар жоба іске асырылып жатыр. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті базасында 2023 жылдан бері Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлескен жасанды интеллект институты жұмыс істейді. Онда 240 студент білім алуға, 200 студент бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша, 40 студент қос диплом бағдарламасында оқиды.

Облыстағы 21 медициналық ұйымда жасанды интеллект көмегімен онкологиялық ауруларды ерте анықтауға арналған радиологиялық зерттеулерді орталықтандыру технологиясы кезең-кезеңімен енгізілуде. Барлық ауданда талшықты-оптикалық байланыс желісі арқылы 539 бейнебақылау камерасы мен 49 жылдамдық өлшеу құрылғысы орнатылып, жедел басқару орталықтары жаңғыртылды. Осындай жұмыстар Байқоңыр қаласы, Ақай және Төретам кенттерінде де жүзеге асырылды.

Облыс орталығында 1400 бейнебақылау камерасы, 80 зияткерлік киілі және 96 стационарлық жылдамдық өлшегіш іске қосылды. Жедел басқару орталығына жасанды интеллект негізіндегі бейнеаналитикалық жүйе енгізіліп, оған Ішкі істер министрлігі, облыс әкімдігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және полиция департаментінің ақпараттық жүйелері ықпалдастырылды.

Билығы сәуір айынан бастап республикада алғашқы болып Қызылорда облысында «Сұңқар» аппараттық-бағдарламалық кешендері арқылы жүргізушілердің қауіпсіздік белдігіне, көлік айдағандағы ұялы телефон пайдалануына қатысты заңбұзушылықтары жасанды интеллект көмегімен автоматты түрде анықталуда.

ҚР Бас прокуратурасының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан жасанды интеллект элементтері бар «Цифрлық қадағалау» пилоттық жобасы өңірлер арасында бірінші болып Қызылорда облысында іске қосылды.

Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Tomotow School жасанды интеллект мектебінің ресми ашылуына Қызылорда облысы қатысып, «Құзыреттілік орталығында» заманауи техникамен жабдықталған оқу кеңістігі пайдалануға берілді.

Көрсеткіштер сараланды

Кеше өткен мәжілісте облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, бюджет қаражатының игерілуі, аграрлық шаруашылық каналдарын бетондау, пайдалануға берілген әлеуметтік нысандарды теңгерімге қабылдау, инвестиция тартудағы өзекті мәселелер талқыланып, алдағы кезеңге арналған міндеттер нақтыланды.

Аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев жауапты сала басшыларына алты айлық инвестиция жоспарын орындауды, өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған жаңа бастамаларды және инвестициялық жобаларды тиімді жүзеге асыруды тапсырды.

Облыстық құрылыс басқармасына, қала және аудан әкімдіктеріне статистика департаментімен бірлесіп құрылыс нысандарының есебін жүйелеу, айлық, тоқсандық және жартыжылдық статистикалық есептерді толық әрі уақытылы ұсыну міндеті жүктелді.

Бюджет қаражатын тиімді әрі толық игеру мәселесі де назардан тыс қалмады, жауапты басшыларға нақты тапсырма берілді. Жаңадан ашылған әлеуметтік нысандарды теңгерімге қабылдау және қабылдау актілерін рәсімдеуді бір апта ішінде аяқтау, аудандардағы спорт кешендерін заңнама талаптарына сәйкес аудан әкімдіктерінің теңгеріміне беру жайы да пысықталды.

Бұл тұрғындардың сұранысына сай тиімді жұмыс кестесін, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүйелейді, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсартады.

«СБ» ақпарат

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛДАРЫ ҚАЙТА ТҮЛЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен еліміздегі 124 вокзал жаңғыртудан өтуде. Былтыр сол кездегі облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының тікелей бастамасымен жаңғыртудан өтетін вокзалдар тізіміне барлық аудан орталықтарындағы және «Төретам», «Сексеуіл» станцияларындағы ғимараттарды, Жаңақорған ауданындағы «Талап» бекетінің платформасы енгізілген болатын.

Барлық вокзалдағы жаңғырту жұмыстарына 10 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Өткен сенбі, жексенбі күндері облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Наурызбай Байқадамов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қайта жаңғыртудан өткен Жаңақорған, Шиелі және Қазалы теміржол вокзалдарының ашылу рәсіміне қатысты.

ОҢТҮСТІК АУДАНЫҢ БІР ҚАҚПАСЫ

Жаңақорғандағы рәсімде Мұрат Нәлқожаұлы теміржол вокзалдары жолаушыларға қолайлы және қауіпсіз, өңірдің заманауи келбетін айшықтайтын нысандарға айналатынын атап өтті.

– Облыс аумағы – тоғыз жолдың торабында орналасқан, өңірлер мен елдерді байланыстыратын маңызды көлік дәлізі.

Бүгінде аймағымыздан халықаралық және өңіраралық теміржол бағыттарымен мыңдаған жолаушы, шетелдік туристер қатынайды. Сондықтан теміржол вокзалдарын заман талабына сай жаңғырту тұрғындар үшін де, қонақтар үшін де ерекше маңызға ие.

Бүгін біз Жаңақорған кентінде 1 млрд теңгеден астам қаржыға қайта жаңғыртылған, аумағы 8 838 шаршы метр болатын теміржол вокзалын ел игілігіне табыстағалы тұрмыз. Вокзал күніне жүз жиырмадан астам жолаушы өткізе алады. Ғимараттың қасбеті мен іргетасы қапталды, төбе жабындысы мен есік-терезесі ауыстырылды. Электр желілері монтаждалып, жылу жүйесі жүргізіліп, перрон абаттандырылды. Нысан заманауи талаптарға сай, жоғары сапалы жабдықтармен жарақталған. Облыс аумағынан өтетін әрбір қонақ пен турист мұндағы қызмет сапасы мен жайлылыққа оң бағасын береді деп сенеміз, – деді облыс әкімі.

Жиында Жәнібек Тайжанов пен еңбек ардагері Суәлібек Қалыбаев сөз сөйлеп, теміржол саласы қызметкерлері мен мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Бүгінде облыс аумағынан 15 жолаушы пойызы өтеді, облыс орталығынан Астана, Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей, Түркістан қалаларына 6 жолаушылар пойызы жүреді. Өңірде 80 шақырымнан астам теміржол күрделі жөндеуде.

Ел аумағындағы теміржол вокзалдарын қайта жаңғырту туралы Президент тапсырмасына сәйкес 2024 жылы Қызылорда теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтіп, абаттандырылды. Бұдан бөлек, аймақтағы 7 вокзал, Терөзек және Жалағаштағы 2 қызмет көрсету пунктіне күрделі жөндеу жасалып жатыр. «Талап» бекетінде 322 млн теңгеге 1188 шаршы метрлік жолаушылар платформасын жаңғырту жұмыстары аяқталды.

ШИЕЛІ: ТӘУЛІГІНЕ 200 ЖОЛАУШЫ

Шиелі теміржол вокзалының ашылу рәсімі де салтанатты жағдайда өтті.

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын құттықтап, жаңа ғимарат жолаушыларға жасалған игілік екенін жеткізді.

– Аумағы 9474 шаршы метр болатын Шиелі теміржол вокзалына 836 млн теңгеден астам қаржы қаралған. Тәулігіне 200 жолаушыны қабылдайтын

ҚАЗАЛЫ: ТАРИХИ ҒИМАРАТТЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Жексенбі күні жаңғыртудан өткен теміржол вокзалы жолаушылар игілігіне берілді. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының құрылыс жөніндегі басқарушы директоры Марат Искалиев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Наурызбай Байқадамов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары салтанатты сәттің куәсі болды.

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын құттықтап, жол-көлік инфрақұрылымын дамытудағы бастамалар, оларды жүзеге асырудың маңыздылығы туралы айтты.

– Бүгін біз ғасырдан астам тарихы бар Қазалы теміржол вокзалын ресми түрде іске қосамыз. Күніне 350 жолаушы келіп-кететін, аумағы 8860 шаршы метр ғимарат 1 млрд 290 млн теңгеден астам қаржыға қайта жаңғыртылды. Жаңа нысанда аудан тұрғындары мен қонақтарына сапалы қызмет көрсетіледі деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Ашылу салтанатында Марат Искалиев пен Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов сөз сөйлеп, теміржол саласында



еңбек етіп жүрген қызметкерлер мен мердігер мекеме өкілдері марапатталды.

Жалпы, облыс аумағындағы вокзалдар өткен ғасырдың басында «Орынбор-Ташкент» магистралі жүргізілген кезеңде салынған.

Қазалы теміржол вокзалы – жай нысан емес, ғасырлық тарихтың куәсі, ауданның өсіп-өркендеу жолындағы маңызды символдардың бірі. Іргетасы XX ғасырдың басында Ақирек тауынан қашалып, түйе керуенімен жеткізілген тастан қаланған екен. Қабырғасы күйдірілген кірпіштен өрілген. Ерекше сәулетімен дараланған бұл ғимарат 1980 жылы архитектуралық ескерткіш ретінде арнайы есепке алынған.

Бүгінде Қазалы ауданының аумағында 91 шақырым теміржол желісі бар, тәулігіне 12 жолаушылар пойызы өтеді. Соңғы рет 2013 жылы жөндеуден өткен. Былтыр сәуір айында «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының қаржыландыруымен «Бак Берек» ЖШС ғимараттың іргетасы мен қабырғаларын күшейтіп, шатырын толық жанартты. Есік-терезелерін ауыстырып, күту залдарын заманауи талаптарға сай жабдықтады. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта жасалып, қауіпсіздік жүйелері орнатылды. Ана мен бала бөлмесі, медициналық пункт бар. Аумағы абаттандырылып, жаңа келбетке ие болды. Маңындағы инфрақұрылымды жақсарту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылды. Быыл қантар айында теміржол үстіндегі жаяу жүргіншілер көпірі пайдалануға берілді. Осылайша Әйтеке би кентінің теміржолдың келесі бетінде тұратын 13 мыңнан астам тұрғын үшін қауіпсіз әрі ыңғайлы қатынау мүмкіндігі жасалды.

«СБ» ақпарат



«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі башлығының 2026 жылдың III тоқсанына азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Жаңабаяв Ғабит Жұмабекұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме	401191 (ішкі номер 7601)
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Мынбаев Азамат Амантайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	401191 (ішкі номер 7603)
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Даулетбаева Жанар Жұмабекқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 210 А бөлме	401191 (ішкі номер 7604)

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында (8 7242), 27-02-06 «сенім телефоны» жұмыс жасайды.

КОНСТИТУЦИЯ АДАМНАН БАСТАЛАДЫ

Жаңа Конституцияның ең басты ерекшелігі – адамды мемлекеттің ең басты құндылығы ретінде айқындауы. Жаңартылған Кіріспеде алғаш рет адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде белгіленді. Бұл – жай ғана құқықтық тұжырым емес. Бұл – мемлекет қызметінің өлшемі ең алдымен азаматтың қадір-қасиетін қорғау, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету екенін білдіретін жаңа саяси әрі қоғамдық ұстаным.

Сонымен қатар, Конституцияда халықтың мемлекеттік биліктің қайнар көзі ғана емес, егемендіктің бірден-бір иесі екендігі нақты бекітілді. Бұл қағида мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастың мәнін тереңдете түседі. Өйткені кез келген мемлекеттік биліктің түпкі негізі – халықтың еркі. Жаңа Конституция адам құқықтарын қорғаудың заманауи кепілдіктерін айқындай түседі. Адамның өмір сүру құқығының абсолюттілігі, жеке бас бостандығының күшейтілген кепілдіктері, цифрлық дәуірдегі дербес деректерді қорғау, ғылыми және шығармашылық еркіндік, азаматтардың экологиялық жауапкершілігі – мұның бәрі Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуының жаңа сапасын айқындайды.

Жаңа Конституцияның тағы бір маңызды ерекшелігі – онда білім, ғылым, мәдениет және инновация еліміздің ұзақ мерзімді дамуының басым бағыттары ретінде нақтыланды. Бұл – кездейсоқ таңдау емес. Бұл – Қазақстанның болашағы ең алдымен адам капиталының сапасымен өлшенетінін айқындайтын стратегиялық ұстаным.

Бүгінде әлем мемлекеттердің табиғи байлығымен емес, білімнің, ғылымның және технологияның деңгейімен бәсекеге түсетін кезеңге қадам басты. Осындай жағдайда жаңа Конституцияның білім мен ғылымды конституциялық деңгейде айқындауы – еліміздің болашағына бағытталған көреген шешім деп бағалаймын.

Бұл жерде бір маңызды мәселені ерекше атап өткен жөн.

Конституция – тек мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін құқықтық құжат емес. Ол – қоғамның қандай құндылықтарға сүйеніп дамитынын айқындайтын бағдар.

Егер Конституция адамның құқықтары мен қадір-қасиетін ең жоғары құндылық ретінде таныса, онда сол құндылықтарды құрметтейтін азаматты тәрбиелеу де мемлекеттің маңызды міндетіне айналады.

Ал мұндай азамат қайда қалыптасарды?

Әрине, ең алдымен – отбасында. Одан кейін – мектепте. Ал азаматтық ұстанымы мен көзқарасы толық қалыптасатын кәсіби орта – мамандық беретін оқу орындары.

1-бет



Сондықтан бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының алдында бұрынғыдан да ауқымды міндет тұр. Біздің мақсатымыз – тек білікті маман даярлау ғана емес.

Біздің мақсатымыз – жаңа конституциялық мәдениеттің иесін тәрбиелеу.

Өйткені ертеңгі күні жаңа Конституцияның қағидаттарын өмірде жүзеге асыратындар – бүгінгі студенттер. Олар ертең судья болады, дәрігер болады, инженер болады, мұғалім болады, кәсіпкер болады, мемлекеттік қызметке келеді. Конституцияның тағдыры дәл солардың күнделікті қабылдайтын шешімдерінен, кәсіби адалдығынан, азаматтық ұстанымынан көрінеді.

Осы тұрғыдан алғанда жаңа Конституция университеттердің миссиясына да жаңа мазмұн береді. Қазіргі заманғы университет тек білім беретін мекеме болып қалмауы тиіс.

Ол – құқықтық мәдениет қалыптастыратын, еркін ойлайтын, пікір алуандығын құрметтейтін, заңды сыйлайтын, қоғамдық жауапкершілікті сезінетін азаматтарды тәрбиелейтін орта болуы керек.

Жаңа Конституцияда ғылыми, техникалық және көркем шығармашылық еркіндігіне конституциялық кепілдік беріледі.

Академиялық қауымдастық үшін бұл ерекше маңызды. Өйткені ғылым тек еркін ортада ғана дамиды. Жаңалық

“**Әрбір ұрпақ өзінен бұрынғылар қалыптастырған елді мұраға алады. Алайда сол елдің болашағын жаңаша айқындау әр ұрпақтың маңдайына бірдей жазыла бермейді.**”

ашуға ұмтылыс, сындарлы пікірталас, ғылыми адалдық, жаңа идеяларға ашықтық – мұның бәрі университет өмірінің табиғи қағидалары болуы тиіс. Конституция осы құндылықтарды қорғау арқылы ғылымның ғана емес, тұтас қоғамның интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға жол ашады.

Сонымен бірге жаңа Конституция құқықтар мен міндеттердің өзара ажырамас байланысын айқын көрсетеді. Біз көбіне құқықтар туралы көп айтамыз. Бұл – дұрыс. Алайда кез келген құқық жауапкершілікпен ұштасқанда ғана өзінің шынайы мәніне ие болады. Заңды құрметтеу, өзгеңіз құқығын мойындау, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну – демократиялық мемлекеттің орнықты дамуының басты шарттарының бірі. Сондықтан жаңа Конституция азаматқа тек мүмкіндік беріп қана қоймайды. Ол азаматқа сенім артады. Ал сенім әрқашан жауапкершілікті талап етеді. Сенімсіздікпен жаппай бақылау жасау, биліктің өзін халық тарапынан күмәнға қалдырады. Бұл күмәнданушылық

билікке сенімсіздікті күшейтетіндіктен, арты халықтың басқа саяси жүйені іздеуге мәжбүр етуі ықтимал. Конституцияның шын бағытынан ауытқымауы осының алдын алады.

Мен мемлекеттік қызметте біршама уақыт еңбек еттім. Сол жылдар маған бір ақиқатты анық түсіндірді: ешқандай заң өздігінен жұмыс істемейді. Заңның күші – оны орындайтын адамдардың құқықтық мәдениетінде. Ал құқықтық мәдениет – тәрбие мен білімнің жемісі.

Сондықтан бүгін университет қабырғасында жүріп, мен жаңа Конституцияның болашағы ең алдымен жастардың дүниетанымына байланысты екенін бұрынғыдан да терең сезінемін. Өйткені бірнеше жылдан кейін дәл осы жастар еліміздің барлық саласында еңбек етеді. Олар қабылдайтын әрбір шешім, атқаратын әрбір іс, көрсететін әрбір қызмет Конституция қағидаттарының өмірде қалай жүзеге асатынын көрсетеді. Сондықтан жаңа Конституцияның болашағы – бүгінгі аудиторияларда, зертханаларда, кітапханаларда, ғылыми жобаларда қалыптасып жатыр.

Жаңа Конституция Қазақстанның құқықтық жүйесін ғана жаңартпайды. Ол мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың жаңа сапасын қалыптастыруға бағытталған. Бұл – азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтетін,

мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыратын және қоғамдық келісім мен өзара сенімге сүйенетін жаңа даму бағыты.

Алайда кез келген Конституцияның өміршеңдігі оның мәтінімен ғана өлшенбейді. Оның шынайы күші күнделікті өмірде көрінеді. Мемлекеттік қызметшінің әділ шешімінен, судьяның адалдығынан, дәрігердің кәсібилігінен, ұстаздың парасатынан, ғылымның ізденісінен, кәсіпкердің жауапкершілігінен, әр азаматтың заңға деген құрметтен көрінеді. Осындай қарапайым, бірақ аса маңызды әрекеттер арқылы Конституцияның қағидаттары қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігіне айналады.

Сондықтан жаңа Конституцияның табысы тек мемлекеттік органдардың қызметіне ғана байланысты емес. Ол әрбір азаматтың құқықтық мәдениетіне, азаматтық ұстанымына және ел болашағына деген жауапкершілігіне де тікелей байланысты.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Әділетті Қазақстан – бұл

ең алдымен Әділетті азаматтар мекені» деп атап өткен болатын. Бұл ой жаңа Конституцияның рухымен толық үндеседі. Өйткені әділетті қоғам заңның күшімен ғана емес, азаматтардың саналы таңдауы мен ортақ жауапкершілігі арқылы қалыптасады.

«Заң мен тәртіп» қағидаты өміріміздің факторына, тұрмыс-тіршілігіміздің өлшеміне, халықтың рухани құндылығына айналуы тиіс. Заң мен құқықтан саяси мақсаттарды жоғары қою байқалады. Саяси мүдделерден тәуелсіз тап-таза құқықтық шындық бар деп ойлау да қиын. Дегенмен, құқықтық емес бағыттағы ойлау дағдысынан кетуге үйренуіміз қажет.

Университеттер осы үдерістің бел ортасында болуы тиіс. Өйткені мемлекет болашағы ең алдымен аудиторияларда қалыптасады. Дәрісханаларда тек маман даярланбайды. Онда азамат қалыптасады.

Заңды құрметтеу, пікір алуандығына төзімділік, академиялық адалдық, ғылыми еркіндік, қоғамдық жауапкершілік сияқты құндылықтар студенттік жылдары орныққанда ғана олар кейін кәсіби өмірдің де ажырамас қағидатына айналады.

Сондықтан бүгінгі университеттің миссиясы бұрынғыдан да ауқымды. Ол – еңбек нарығына қажет маман ғана емес, мемлекет тағдырына бейжай қарамайтын, заң үстемдігін құрметтейтін, елдің дамуына үлес қоса алатын азамат тәрбиелеу.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген сөзі бүгін де өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Егер біз жаңа Конституцияда айқындалған құндылықтарды жас ұрпақтың дүниетанымына сіңіре алсақ, онда оның қағидаттары қағаз жүзінде ғана қалып қоймай, қоғамдық өмірдің табиғи өлшеміне айналады.

Біз жаңа Конституциямен бірге жаңа кезеңге қадам басып отырмыз. Бұл – құқықтық реформалардың ғана емес, қоғамдық сананың жаңғыру кезеңі.

Бұл – мемлекетке ғана емес, әрқайсысымызға жүктелген жауапкершілік. Өйткені Конституцияның бір күнде қалыптауы болады. Бірақ оны өмір салтына айналдыру – уақыттың, тәрбиенің, білімнің және ортақ еңбектің жемісі.

Сол себепті жаңа Конституцияның болашағы мемлекеттік мекемелерде ғана емес, әрбір отбасында, әрбір мектепте, әрбір университетте қалыптасады. Өйткені Конституция, шын мәнінде, адамнан басталады.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы - ректоры,
тарих ғылымдарының кандидаты,
облыстық қоғамдық кеңес төрағасы

ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ ТЕҢГЕРІМДІ БОЛСА...

БАҒДАРЛАМАҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТҚАН

Ерікті қоныс аудару бағдарламасы кейінгі жылдары өзінің тиімділігін дәлелдеді. Әсіресе жұмыс күші артық оңтүстік өңірлер мен маман тапшы солтүстік және шығыс облыстар арасындағы еңбек ресурстарының алмасуы ел экономикасының тұрақты дамуына оң ықпал етті. Қазір Қызылорда облысы жұмыс күші көп өңірлердің қатарында. Ал Қостанай, Павлодар, Ұлытау, Абай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстары жұмыс күші жетіспейтін аймақтар ретінде белгіленген. Осыған байланысты мемлекет азаматтардың ерікті түрде қоныс аударуын ынталандырып, ауқымды қолдау шараларын ұсынып отыр.

Бағдарлама 2014 жылдан бері жүзеге асырылуда. Осы уақыт аралығында облыстан

1911 отбасы қоныс аударып, 3800-ден астам адам басқа өңірлерге қоныстанған. Бұл – тек статистикалық көрсеткіш емес, мыңдаған азаматтың тұрақты жұмыс орналасып, әлеуметтік жағдайын жақсартуына мүмкіндік берген нақты нәтиже.

Бағдарламаға деген қызығушылық артып келеді. Биылдың өзінде Қостанай және Ұлытау облыстарының делегациялары Қызылорда облысының аудан орталықтарында халықпен кездесулер өткізіп, тұрғындарға қоныс аударудың мүмкіндіктерін түсіндірді. Кездесулерде жұртшылықтың сұрақтарына нақты жауап, жаңа өңірлердегі еңбек нарығы туралы толыққанды ақпарат берілді.

Осы бағыттағы маңызды іс-шаралардың бірі – сәуір айында өткен «Enebek hub – QYZYLORDA» өңіраралық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі. Онда жергілікті жұмыс берушілерден 600-ге жуық және солтүстік пен шығыс өңірлерден 9

мыңнан астам бос жұмыс орны ұсынылып, жалпы саны 10 мыңнан астам вакансия қолжетімді болды. Бұл еңбек нарығындағы сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. Іс-шараға 1500-ге жуық адам қатысып, жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік алды. Әсіресе жас мамандар мен оқу орындарының түлектері үшін мұндай алаңдардың маңызы зор. Себебі олар еңбек жолын бастауға және кәсіби әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР ҚАЙ ӨНІРДІ ТАНДАЙДЫ?

Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Жұмабекқызының айтуынша, ақпараттық түсіндірме шараларының нәтижесінде бүгінде 100-ге жуық отбасы қоныс аударуға ниет білдіріп отыр. Ал жыл басынан бері облыстан 42 отбасы, яғни 167 адам солтүстік өңірлерге көшіп үлгерді. Оның ішінде Қостанай облысына 16, Солтүстік Қазақстан облысына 11, Павлодар облысына 8, Шығыс Қазақстан облысына 6 және Абай облысына 1 отбасы қоныстанған.

Бұл көрсеткіштер еңбек күші тапшы өңірлердегі кадр мәселесін шешуге ғана емес, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға да ықпал етеді. Өйткені бағдарлама аясында қоныс аударушыларға ауқымды мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Мәселен, көшіп барған әрбір отбасы мүшесіне 70 айлық есептік көрсеткіш көлемінде бірреттік көшу субсидиясы төленеді. Бұл өткен жылғы есеппен 302 мың теңгеден асады. Бұдан бөлек, тұрғын үй сатып алуға арналған экономикалық мобильділік сертификатының сомасы 1625 АЕК немесе 7 миллион теңгеден асады. Бұл – көптеген отбасы үшін жеке баспаналы болуға берілген мүмкіндік. Сонымен қатар тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерді төлеу шығындары да мемлекет есебінен өтеледі. Қалалық жерге көшкен азаматтарға отбасы құрамына қарай ай сайын 86 мыңнан 129 мың теңгеге дейін, ал ауылдық жерлерге қоныс аударғандарға 64 мыңнан 90 мың теңгеге дейін қаржылай қолдау көрсетіледі.

Көшуге ниет танытқандардың басым бөлігі Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарын ыңғайлы көреді. Бұл облыстар ауыл шаруашылығымен айналысуға, өндіріс ошақтары, білім беру, денсаулық сақтау секілді салаларға жұмысқа орналасуға қолайлы, ауа райы да жайлы.

ДЕМОГРАФИЯҒА ӘСЕРІ

Иә, жұмыс күші тапшы, халық саны аз теріскейдегі тұрғын санын ішкі көші-қон арқылы реттеу еліміздің территориялық тұтастығын сақтауға, ұлттық салт-санадан ажырамауға, тіл мәселесінің оң шешілуіне ықпал ететіні белгілі. Дегенмен, ондағы баспана жайы, шаруаның ыңғайы – қоныс аударушылар үшін басты мәселе. Бүгінде күнгейден терістікке қоныс аудару жайы қалай? Бағдарлама жемісін беріп отыр ма? Мұны өңірге солтүстіктен арнайы келген мамандардан сұрап білген едік.

– Солтүстік Қазақстан облысы – еліміздің ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп саласының маңызды орталығы. Облыста жаңа жұмыс орындарын құру бойынша ауқымды шаралар жүргізілуде. Жұмыс күші тапшы аймақ ретінде біз еңбек ресурстарын көбейтуге, кадр жетіспеушілігін шешуге ерекше көңіл бөлеміз. Осы бағытта Қызылорда облысымен тығыз ынтымақтастық орнатылған. Қазір біздің өңірде 300-ден астам отбасы тұрақты өмір сүріп жатыр, олардың барлығының тұрғын үйі, жері бар және әлеуметтік жағынан жақсы қамтамасыз етілген. Бұл – бағдарламаның тиімділігін көрсететін нақты мысалдардың бірі. Әсіресе мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне жұмыс көп. Сонымен қатар зоотехник, ветдәрігер, жылқышы керек. Мектептерде екі және үш ауысым деген жоқ, балаларға өте ыңғайлы. Біз көшуге ниетті азаматтарды қолдауға, жаңа ортаға бейімделуге көмек беруге әзірміз, – дейді Солтүстік Қазақстан облысының «Еңбек мобильділігі» орталығының директоры Аман Төреғелдин.

Сарапшылардың пікірінше, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру – еліміздің демографиялық және экономикалық дамуына оң әсер ететін маңызды құралдардың бірі. Бір жағынан, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, халық саны азайып бара жатқан өңірлерді еңбек күшімен қамтамасыз етеді.

Бүгінде еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделу, жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалану әр адамның болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан ерікті қоныс аудару бағдарламасы тек көшу жобасы ғана емес, ол – тұрақты жұмыс, жаңа баспана және жаңа өмір бастауға берілген мүмкіндік.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



1-бет

ЕЛУ ЖЫЛДА ЕЛ ЖАҢА

Алпыс екінші жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтының гидромелиорация факультеті сол замандағы Кеңес одағы басшысы саясатына орай ауылға біртәуір жақындап, Жамбыл қаласына қоныс аударып, өз алдына гидромелиорация-құрылыс институты болып құрылды. Қауесетке құлақ асар болсақ, осы институттың ашылуы алдында суармалы жер туын тіккен Сыр бойының бас қаласы Қызылорда болған деген де сөз тараған.

Шамасы, осы негізсіз емес-ау, өйткені жетпіс алтыда сол институт филиалы ақыры Қызылордада ашылды ғой. Бұл уақытта Сыр өңірі еліміздің күрші орталығына айнала бастаған еді. Су мамандары қажеттілігі барынша өсіп, ауылдағы құрылыс қарқынды дамыған кез болатын. Сол кездегі облыс басшысы Исатай Әбдікәрімов ағамыздың көрген шешімі болса керек, осы оңды құбылыс. Ол кезеңде өңірде бір ғана жоғары оқу орны бар еді. Ол – педагогикалық институт. Сондықтан, қарқынды өсіп келе жатқан аймақ үшін техникалық, инженер мамандар дайындайтын жоғары мектеп өте қажет-тұғын.

Институт бітіргесін бір жылдан сал ғана аса құрылыс мекемесінде өндіріс мәнін азды-көпті түсінгенім болмаса, оқуға жүрдім-бардым қарамағаның әсері шығар, ғылым, біліммен бірге келе жатырмын. Жетпістің басынан осы салалардамын. Жетпіс сегізге Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институты Қызылорда филиалына оқытушылық қызметке қабылдандым. Қалтамда кандидаттық дипломым бар. Санамда ұстаздықтан хабар аз. Көп кәсіптің ішіндегі игіліктіңің қыры мен сырын осы ұжымда үйрендім. Осында аймақтың ең қажетті мәселелерін шешуге терең бағытталған ғылыми зерттеулер жасауды да тапқаным рас.

Артта қалған сол тамаша кезең турасында еске алар жақсы жайттар мен алдағы өткен ағалар айтып кеткен ойға түірі сөздер де аз емес. Бетке-ұстар екі ақсақалымыздың орны бөлек еді. Әди Ібіроғымұлы ағайымыз жалпытехникалық пәндер кафедрасын басқарды. Әбсаттар Әлімұлы Жұмаділдаев ағайымыз – КПСС тарихи кафедрасының меңгерушісі. Әди ағаның орны ерекше. Ол кісі барған жерден қолға түскен, филиалға қажет заттар мен құралдарды алмай келмейтін. Олар – жер жыртатын соқа, электр қуатын жалғайтын кабельдер, түрлі құрылыс материалдары, т.б. Сөйтіп, ортақ мүдденің жайын алдымен ойлауды баршамызға үйрететін. Екі көше қиылысындағы жолақ ортасында ойда жоқта кезігіп, қолыңнан мықты ұстап алып, жүйіктің автокөліктер шұлағанына құлақ аспай амандалғанды, қал-жағдайыңды тәптіштеп сұрайтынын қалай ұмытпасаң?! Әбсаттар ағаның жер қозғалса да сыр бермейтін алтын сабыры бар еді. Ол кісінің әр сөзінен үлкендік, ірілік, жанындағы мол қамқорлық сезіліп-ақ тұратын. Ысқақ Қарқымбайлы, Бақытбек Сисенұлы ағалардан жанындағы жастар ұстаздық қырларын молынан ұғынып түсінгенді. Тағдыр бұйрығымен жарық дүниенен қош айтысқан Сейдахмет Құттықадамов, Райхан Құтжанова, Арғұнбек Жантөлеуов, Мәлік Сапарғалиев, Төрехан Қарлыханов, Қазбай



Сурет ашық дереккөзден

Құдайбергенов, Лесбек Ташимов, Бауыржан Ахметжанов, Меңдіқара Жолымбетов, Тұрмахан Ділімбетов, Дастан Сейтқасымов, Минуар Қапанов, Мейірхан Жүсіпов, Төлеш Тұрғанова, Айтуар Төлекбаев, Нұрділда Өзденбаев, Әлеухан Жарасов, Серік Абдрахманов, Бақытбек Құлтанов атқарып соңына қалдырған істер ұлан-ғайыр, олар орындаған мол игілікті ұстаздық жұмыстар ел-жұрт есінде, шәкірттер жүрегінде.

Басшымыз Уәлихан Қозықеулы Бишімбаев Қызылордада тура 20 жыл еңбек етті және қандай еңбек десенші! Жетпіс алтыда бір ғана ғимараты, 150 студенті мен 13 оқытушысы бар шағын ғана филиалды қабылдап алып, жиырма жылдан соң үш мыңға жуық студенті бар, 300-ге жуық оқытушы, бірнеше оқу ғимараты бар Ыбырай Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтын осы аймаққа аманаттап тапсырды. Бұл нағыз азаматтық ерлік еді! Мынаны ескеруіміз керек, жұрттың бәрі бірдей емес. Өзге біреу болса былай ойлауы да мүмкін ғой. «Осы мен неге соншама барымды салып, саулығымды ортаға орап, аянбай еңбектенемін? Не үшін, кім үшін? Онда асығып-аптықпай, ауанымен жұмыс істейін, сосын көре жатармыз не болатынын» деп. Жоқ, бұл бағыт еліне адал азаматтың жолы емес! Бұған Уәлихан Қозықеулы тіпті көнген емес, мүлдем ойына да алған емес шығар! Осы азамат өзінің отыз бес елу аралығын Қызылордаға берді. Бұл не деген сөз? Бұл – азамат ең қайратты уақытын Сыр еліне арнады деген сөз. Бұл – жастық шабытты Сыр өңірі білімі мен ғылымына арнады деген сөз. Бұл – сол кезеңде жоғарыдағы биік мақсатты істерді орындауда жұртты сөзімен де, ісімен де алға бағыттап бастады деген сөз.

Ойлап қарайықшы! Сол он бес жылда қыруар жұмыс атқарылды емес пе?! Есімде, алдыңғы бес-алты жылда жабылу қорқынышы басым еді. Өйткені республика бойынша жоғары оқу орындарының өзге қалалардағы филиалдары шетіне жабылып жатты. Қызылордаға да Мәскеуден екі-үш комиссия келген біздің филиалды жабу үшін. Бірақ осы шағын оқу орны оқытушылары мен қызметкерлерінің жанкешті, нәтижелі еңбегін көріп

ойларынан қайтқан көрінеді. Бұл – әрине, білікті, білімді, талапты, елдің, өңірдің болашағын солайымен түсініп, қолдап, соны орындауға бар күш-жігерін салған Уәлихан Бишімбаевтың ерен еңбегі. Қазір сол кезеңде бірге болған қайсыбірінен сұрасаң осыны айтады, соны дәлелдейді. Әрқайсымыз бір емес, үш адамның жұмысын атқарғанмыз да әбден рас! Өйткені, оқытушы бір өзі кафедра ісін атқарды, кафедра бүкіл факультет жұмысын орындады. Ал факультет институт міндетін қамтығаны да рас. Түк те аянған жоқпыз! Отыздан енді ғана асқан, жалындап тұрған кезіміз. Ортақ жұмысты жанымызды салып істедік емес пе? Демалсақ, қыдырсақ та солай болды емес пе? Өйтпесе осындай қыруар жұмыс бітер ме еді? Тіпті де оңай болған жоқ! Басыңа да, қосыңа да! Уәлихан Қозықеулына осы азаматтық ерен еңбегі үшін сырбойылықтар қарыздар деп ойлаймын. Тұлғалы азаматтың айрықша еңбегі арқасында отау құрған Қызылорда агроөндіріс инженерлері институты, кейін Ыбырай Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты ашылмағанда бүгінгі аты алысқа кеткен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті болар ма еді, болмас па еді?

Сол заманда өңірдің техникалық мамандықтары негізін қалаған айтулы азаматтар ішінде бір топ ғалымдар орны жоғары, биік. Тұрлыбек Ысқақов филиал факультетінің алғашқы деканы болды. Тәрбие жұмыстарының бірінші көш бастаушысы атанған. Керімжан Сейтжанов кафедра меңгерушісі, факультет деканы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Дуалет Баялимов директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін сәттілікпен орындады. Дүйсенқұл Сахиев кафедра, кейін факультетті басқарған. Өмірбек Матаев, Әлібек Оспанов, Өмірбек Үмбетов кафедра меңгерушілігінде болып қыруар игілікті істі соңына қалдырған. Сауапты жақсылықтың жалғасы мол демекші, қазір осы азаматтар біздің және өзге аймақтарда айтарлықтай абыройлы, өнегелі қызметтерін жалғастырауда.

Әтәрікі азаматтар кәдімгі пенделшілікке салынып, өзінің жағдайын алға

ұстап, мүлдем шаршамай-шалдықпай, ретімен іс атқарып, жөнімен демалып, денсаулық жағдайын толық ескеріп жұмыс жүргізер болса, жанағы атқарылған мол, салмақты істер жиырма жылға емес, елу жылға созылған болар еді.

«Болар істің басына жақсы келер қасына» демекші енді ғана ашылған Ыбырай Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтын өнегелі, білімді жас ғалым Қылышбай Бисенов басқаруға кірісті. 1980 жылдан сол филиалда жоғары оқу орны қызметтік сатыларынан мол абыроймен өткен, институт проректоры болатын. Уәлихан Бишімбаев Тараз мемлекеттік университеті ректорлығына барды. Көп ұзамай тоқсан сегіздің наурызында Қызылорданың екі жоғары оқу орны бірігіп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ашылды. Ректоры болып Қылышбай Бисенов тағайындалды. Айта кетерлігі, сол кезеңде жанадан ашылған университет Сыр өңірі болашағын пайымдайтын бірден-бір іргелі ұжымға айналды. Әуелде екі жоғары білім ұжымы өз алдына жеке жүргенде де қаланың, өңірдің қоғамдық өміріне азды-көпті ықпалы мен әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Дегенмен, ауқымы кең білім ордасының ашылуы Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуына ықпал беруші күшке айналды. Бұрын тиіп-қашып жасалатын өңірдің ауыл шаруашылығына, күрделі құрылысты дамытуға, аймақтың табиғи қорын ұтымды пайдалануға бағытталған зерттеулер бір орталыққа шоғырланып, жуық арада өзінің қойлайы әсерін тигізе бастады. Әсіресе, екі гасыр аралығында өңірдің экономикалық дамуы үшін маңызы аса зор оның арнайы экономикалық аймаққа айналуы университет ғалымдарының еңбегі арқасында болғаны да белгілі. Осының бәрі университет ректоры Қылышбай Бисеновтың білімдарлығы мен көрегендігі негізінде мүмкін болғаны рас.

Қылышбай Бисенов Уәлихан Қозықеулынан он бес жыл бойы көріп, біліп, үйренгенімен тоқтап қалмай, оны алда тұрған жаңа мақсаттарға орай түбегейлі дамыта білді. Өрбір факультет, кафедра, бөлімге өзіне сай мақсаттары жанартылып, өзгеріп, айқындалып жатты. Сондай-ақ бұл тұрғыда кез келген оқытушы және қызметкердің қабілеті мен мүмкіндік ерекшеліктері сараланып, басты мақсатты орындау бағытында ескеріліп отырды. Өрбір оқу ғимараты үшін архитектуралық, сәндік-дизайнерлік тұрғыда жобалар дайындалды. Соның негізінде олардың әрқайсысы өзіндік, қайталанба бермейтін дизайнерлік тұрпатқа ие болды. Бұл барлық оқытушы мен қызметкердің кәсіби талап-талғамының өсіп-өзгеруіне, жаңаруына түрткі болды, студент-жастарға эстетикалық тәлім-тәрбие берудегі орны айрықша еді. Бұл орайда айтылар нәрсе – осындай жоғары талғаммен архитектуралық, дизайнерлік жабдықталған оқу ғимараттары республиканың бұрыннан келе жатқан, іргелі жоғары оқу орындарында да көбінесе кездесе бермейтін. Бүгінде Қылышбай Бисенов еліміздің рухани өркендеуіне мол үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, жас ғалымдардың биік беделді ұстазы.

Беткеұстар білім мен ғылым ордасының жұрттан бөлек өзгешелігі мен игілікті ерекшеліктері ол ректор болып тұрғанда анықталған, бекіген.

Бүгін облыс шаруашылықтары мен құрылыстарында, мұнай кәсіпорындарында, өзге де өндіріс мекемелерінде басшылық қызмет пен шешуші мамандар міндетін көбіне Қызылорда агроөндіріс инженерлері институты, содан кейін Қызылорда политехникалық институтында ашылған мамандықтарды бітірген азаматтар абыройлы атқаруда. Оны айтсаңыз, облыс әкімі болған Қуанышбек Ысқақов, Еңбек Ері Абзал Ералиев пен Имамзада Шағыртаев та – ДГМСИ филиалының түлектері. Демек, 1976 жылы облыс басшылығының осы шағын оқу орнын ашу туралы шешімі тарихи орны мен маңызы жоғары болғанын уақыт айқын дәлелдеуде.

«Елу жылда ел жаңа» демекші, қазір заман жанарған, жаңалық пен өзгешелік те мол. Дегенмен, бүгіннің өзінде де ескінің ескірмейтін мықты тұстарын ескеріп, жаңартып, қолданып жатсақ артықтығы бола қоймас. Осыдан болар, қазір соңымызға ерген жастарға: «Біле білсең, студент сенен көп кіші болса, ол сенің туған балаң мен қызың, шамалы кіші болса, ол сенің бауырың мен сіңің. Тек солай болуы тиіс, осылай өрбуі керек, алдында жайғасқан жасөспірімге деген жүрегіңдегі жылуың мен жақсылығың, адалдығың мен жанашырлығың, қадірлі ұстаз! Ендеше, қай қазақ ұлының, қызының, немересінің, бауырының шала, дүбәра, өнегесіз, білімсіз болғанын қалаған?! Ешқандай! Олай болса, сал ортаға бар біліміңді, өнегенді, бойыңдағы бар жақсы, игілікті мінездеріңді, көрсет өмірге енді аяқ басып келе жатқан, жақсы менен жаманды әлі толық айыра алмай екеуің де бірдей бойына сіңіре салатын жасқа. Сенің қолыңда өз-өзіне деген мол сенім бар, алдындағы жасты тығырықтан құтқарып, жарыққа шығарар аталы сөзің бар, кімді де болса өз ырқыңа көндірер білімің бар, осы уақытқа дейін жастар тәрбиелеуде жинақтаран мол тәжірибең бар, туған жер мен судың жанашыры деген атың бар!» – деп, оңды бағыт сілтейміз.

Мұны бәрін айтып жатқанымыз елу жыл бұрын ашылып, туған өлкеміз үшін мол еңбек атқарған шағын ғана білім мен ғылым ұжымының тарих алдындағы қас-қағым сәттегі ерен еңбегін еске түсіру ғана! Алдағы күздің шуақты қыркүйегінің құтты күнінде сол азаматтар өздері орнатқан, қала жұртшылығы арасында «Бесінші ғимарат» деп кеңінен атау алған кең сарайда, алқалы жиын өтсе. Бүкіл өмірін ғылым мен білімге арнап, соңына өшпес із қалдырған, аттары аталған ұстаздардың ұрпақтары осы жылында отырса, оларға мейірімді қауым құрмет көрсетіп, аруақ разылығын иеленсе, келесі жылғы құрылғанына тоқсан жылдық торқалы тойы тойланатын Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті қасиетті тарихи осы ұлағатты шара арқылы биіктей түсері анық.

Серікбай ҚОШҚАРОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
профессоры, техника
ғылымдарының докторы,
«Құрмет», «Парасат»
ордендерінің иегері

/// ЕГІН-2026

Әлемдік су дағдарысы. Жаһандық жылыну. Климаттық өзгеріс. Елдегі трансшекаралық өзгеріс жағдайы... Әлемді алаңдатқан мінберлерінде жиі қозғалып жүр. Ғалымдар пікіріне сүйенсек, бізде әлі де болса суды тұтынар зат деп қарайтын көзқарас басым. Оны басты байлық деп санаудан гөрі, «ақшасын төлеп, қалағанымыз жаратам» дейтін сыңаржақ ой көп. Ал Сырдағы суды жарату, әсіресе, егінге қажеттіні үнемдеу жағында бұл жұмыс қалай жүруде?

Жақында оң жаңалық естілді. Біздің аймақтағы күрші алқаптарында отандық автоматтандырылған жеті су есептеу құрылғысы сынақтан өткізіліп жатыр. Жоба Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында жүруде. Өз көзімізбен көргендей, жана құрылғылар суару каналдарында орнатылған.

– Бұл егінді суару кезінде есепке алу дәлдігін арттырып, оны пайдалануды бақылаудың ашықтығын қамтамасыз етеді. Өзіңіз көріп тұрғандай, күн энергиясымен істейтін басқару пульті атызға қанша су кеткенін есептеп отырады. Яғни команда берілген соң автоматты түрде бір шыныақ суға дейін бос жібермей қалағалайды. Мысалы, осы қондырғы құрылған атызға бұрын шамамен есептелетін су жіберілетін. Нақты өлшем жоқ еді. Қазіргі жана технология мұндай шығынды болдырмайды. Президент бастамасымен саланы цифрландыру үдерісінің суды үнемді пайдалануда көмегі көп болары сөзсіз, – дейді техника ғылымдарының докторы, институт агротехнология, мелиорация және топырақтану бөлімінің бас ғылыми қызметкері Серікбай Өмірзақов.

Ғалымның сөзінше, әдетте егінді суға бастырмада 15-20 сантиметрге дейін атыздағы су деңгейін көтеретін. Оның қалыптасуының негізгі себебі, күршінен бірге өсетін арашөптерді суға түндіктіру болатын. Алайда қазір зиянды өсімдіктерді құртуға тиімді гербицидтердің жаңа түрлері кеңінен қолданысқа енді. Сондықтан олармен су деңгейін көтеру арқылы күресудің қажеті жоқ.

ЕСЕПТЕУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ СЫНАҚТАН ӨТҮДЕ



Сурет ашық дереккөзден

– Күршінің ауыспалы танабына өзге дақылдар да егілетіні белгілі. Сол кезеңде осы құрылғыларды пайдалану арқылы топырақ ылғалдылығын, температурасын бақылай отырып, суару режимін тиімді жүргізуге мүмкіншілік бар, – дейді Серікбай Ыдырысұлы.

Жалпы су деңгейін таяз ұстау және күн сәулесін тиімді пайдалану күршінің пісіп-жетілуін жеделдетеді, яғни бұрын орақ маусымына дейін 115 күн тұратын дақыл 90-95 күнде піседі. Бұған лазерлік тегістеудің де ықпалы орасан зор. Осыдан 10 жыл бұрын лазерлік тегістеу техникасы өте аз болса, қазір облыс шаруашылықтарында 200-ден астамы жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауымен іске асып жатқан жобаның берері көп. Мұнда су үнемдеу ғана емес, еңбек өнімділігі де артады. Сонымен қатар, институт базасында 2017 жылдан бері автоматтандырылған метеостанция жұмыс істейді. Оның деректері агротехникалық шараларды жоспарлауға, ауа райын алдын ала

білуге, егін алқаптарының жай-күйін бақылауға және суды тиімді пайдалануға көмегі мол.

– Жалпы күршіті мамыр айының соңғы онкүндігіне дейін егіп болу керек. Егу барысында қарастырылған барлық агротехнологиялық шаралардың сапалы орындалуы аса маңызды. Су шығынын азайту мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігі тарапынан арнайы венгерлік препаратты зерттеу тапсырмасы берілді. Соған байланысты кейінгі екі жылда институт ғалымдары осы препаратқа зерттеу жүргізуде. Препарат тұқым тасталған соң суға бастырмай тұрып атызға себіледі. Нәтижесінде күрші дәстүрлі егуде 90 күн суда тұрса, осы ғылыми тәсіл арқылы атыздағы суды 70-76 күн ғана ұстауға болады. Әрине, бұған жаңадан келіп жатқан бүгінгі құрылғылардың, яғни су есептеу, ылғал өлшеуші жабдықтардың көмегі мол, – дейді институттың басқарма төрағасының орынбасары, инженер-гидротехник Жанұзақ Байманов.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ



Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде жеті жыл тілші, аға тілші болып қызмет атқарып, 1984 жылы Қазақ теледидарының «Қазақстан» ақпараттық бағдарламасына редактор болып жұмысқа ауыстым. Ертеу келіп, жұмыс үстеліне жайғасып жатқаныма, үлкен кабинетке орта бойлы, жылы жүзді, отыздан енді асқан жігіт кіріп келе жатты. Бірден таныдым, экономика, саясат тақырыбынан хабар жүргізетін белгілі комментатор Ержан Уәйіс.

Өзі жайында айтқанды жарата бермейтінін, Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының тумасы екенін, Маякүм елді мекеніндегі орта мектепті алтын медальмен және С.Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетін журналист мамандығы бойынша үздік бітіргенін кейін білдім.

Еңбек жолын Қазақ телевизиясында режиссердің көмекшісі болып бастапты. 1969-дан 1984 жылға дейін «Қазақстан» ақпараттық бағдарламасында тілші, редактор, саяси шолушысы болып еңбек еткен. Мәскеу қаласындағы КСРО Мемлекеттік Телерадио комитеті жанындағы білім жетілдіру жоғары курсына оқып, кәсіби шеберлігін жетілдірген.

Ержан Уәйіс 1978 жылы Куба астанасы Гаванада өткен жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік фестиваліне делегат болып қатысып қайтты. Мен бір жылдан соң, жанадан ашылған «Алатау» телеарнасына ауыстым. Екі жылдан соң, жеке шаңырақ көтерген «Алматы» теледидарына бас редактор болып тағайындалдым. Илеген пұшағымыз бір болғандықтан, Ержан екеуміз жиі кездесіп, достығымыз нығая түсті. 1992 жылға дейін әріптесім «Қазақстан» ақпараттық бағдарламасында бөлім менерушісі, бас редактордың орынбасары болып еңбек етті.

Өткен мен бүгіннің дәнекері Ержан Уәйіс адалды журналист болған сәттерін сағына еске алады.

— Экранға алғаш шыққан күнімді ерекше сәтке байлаймын. Тікелей эфирді бүкіл республика көреді. Он тоғыз облысты аралап, өндіріс орындарында, шахтада, зауытта, елді мекен, колхоз-совхоз, егін алқаптарында жүресің. Қазақстан ол заманда бір миллиард пұт рекордты астық беретін ел болды. Егін орағы кезінде күнделікті 40 минуттық «Алтын дән» хабарын тікелей эфирде жүргізетін едім. Елді таныдым, еңбек адамдарын Қазақстанға таныттым. Қазақстанның бірінші басшысы, қазақтың біртуар перзенті Дінмұхаммед Қонаевтың телевизиялық түсіру тобында жеке тілшісі болдым. Ол кісі қатысқан жиналдардан репортаж жүргізіп, облыстарды аралау кезінде бірге болдым. Кейін зейнетке шыққан соң да, Димекеннің жанынан табылдым. Алты сағаттық фильм түсіріп, 80 жылдығында арнайы сұхбат алдым.

1991 жылғы 1 желтоқсанда Н.Назарбаевтан бірінші сұхбат алу бақытына ие болдым. Ол көңіл күйді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Елімізге есімі танымал тұлғалармен бірге жүрдім. Ұлы Баукең — Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Кеңес Одағының екі мәрте батыры атанған Талғат Бигелдинов, партизан жазушы, Халық Қаһарманы Қасым Кайсенов, тағы да екі мәрте батыр атанған дикан ата Ыбырай Жақаев, Мойынқұман шыққан атақты шопан Жазыбек Қуанышбаев бастаған қазақтың тұлғаларынан сұхбат алу мәртебесі бұйырды, — дейді әріптесіміз.

Әлі есімде, 1992 жылы Қазақстан Компартиясын ұзақ жылдар басқарып, Қазақстанның гүлденуіне шексіз үлес қосқан Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев 80 жасқа толды. Алматы облысы, Балқаш ауданының сол кездегі әкімі Тілеулес Ардабаев ештеден каймықпай, Димекеннің 80 жылдығын атап өтіп, астына ат мінгізіп, үстіне зерделі шапан жапты. Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылында өткен торқалы тойға «Қазақстан» ақпараттық бағдарламасы бас редакторының орынбасары Ержан Уәйіс және сол кездегі Алматы теледидарының бас редакторы

ретінде мен қатыстым. Ержан досым Дінмұхаммед Қонаевтың 80 жылдығына арнап, бес минуттық репортаж берді. Ал мен 25 минуттық хабар жасадым. Осы ерлігі үшін Ержан Уәйіске қатаң сөгіс берілді, мені де Президент әкімшілігі біраз қыспаққа алды. Не көрмеген бас, оған да шыдадық. Ең бастысы Димекендей қайталанбас алып тұлғаның алдында арымыз таза болды, досым Ержан екеуміз журналисттік парызымызды адал орындадық. Еліміз Тәуелсіздігін алғаннан соң Ерекең шетелде аккредитацияға тіркелген тұңғыш қазақ журналисі, Қазақстан телевизиясы мен радиосының Түркиядағы тұңғыш тұрақты арнаулы тілшісі болды.

1992-1993 жылдары Ыстанбұл қаласындағы республикалық «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Заман — Қазақстан» газеттері мен ҚазТАГ агенттігінің, Германиядағы «Азаттық» радиосының Түркиядағы тұрақты тілшісі қызметін қоса атқарды. Түрік Республикасындағы Қазақ елшілігінде дипломатиялық қызмет етіп, Ыстанбұл қаласында Қазақстанның тұңғыш бас консулы қызметін атқарып, екі ел арасындағы әріптестік, туыстық қарым-қатынастың қалыптасуына айрықша қызмет етіп, достық көпірінің негізін қалауға үлесін қосты.

Бірнеше жыл ТҮРКСОЙ бас директорының бас кеңесшісі болды.

Ержан Уәйіс — Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Үнемі ізденіс үстінде жүретін журналист Қазақстанның Тәуелсіздігі, сыртқы қатынастары, Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстар туралы бірнеше телевизиялық деректі фильмдер түсірді. Бірнеше кітаптың авторы. 1997 жылы Қазақстанның Ыстанбұл қаласындағы бас консулы қызметінде жүргенде Мекке, Мәдинада болып, қажылық парызын орындады.

Қызылорда облысы әкімінің арнаулы тапсырмалар жөніндегі кеңесшісі, халықаралық ұйымның бас кеңесшісі, тілдерді дамыту басқармасының басшысы, облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы болып жауапты қызметтер атқарды. Еңбегі бағаланып, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы атанды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, «Хорасан ата» республикалық қоғамдық қорының президенті.

Қазіргі таңда «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының» Түркия еліндегі арнаулы өкілі, ТҮРКСОЙ халықаралық «Бейбітшілік әлемі» сыйлығының лауреаты, Дінмұхаммед Қонаев орденінің иегері, Халықаралық Д.Қонаев қорының мүшесі. Түркия президенттері Тұрғыт Озал, Сүлеймен Демирел, Абдулла Гүл, Реджеп Тайып Ердоған, Премьер-министрлер Нәжмиддин Эрбакан, Месут Йылмаз, Тансу Чиллер, сондай-ақ Түрік дүниесінің лидері Алпарслан Түркеш, Ыстанбұл әкім-губернаторы Хайре Козакчиоглының қабылдауында болып, қазақ телевизиясына сұхбат алған.

Доктырхан ТҮРЛЫБЕК,
жазушы-режиссер,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері.
«Ана тілі» газеті

«ҚАЙСАРДЫҢ» ПАВЛОДАРДАҒЫ ЖЕҢІСІ

Қызылордалық «Қайсар» ел біріншілігінде сәттілік сериясын жалғастырып келеді. Жерлестеріміз соңғы алты турда үш мәрте жеңіске жетіп, турнир кестесіндегі жағдайын жақсартта түсті.

Өткен жексенбіде қызылордалық футболшылар Павлодарда жергілікті «Ертіспен» шеберлік байқаста. Алаң иелері осал қарсылас емес. Өзірге жоғары орындардан көріне алмай жүргенімен, кез-келген қарсыласына оңай ұпай

бере салмайды. Сондықтан «Қайсар» үшін бұл кездесудің оңайға соқпайтыны анық еді.

Алғашқы минуттан қос қарсылас бір-бірінің қақпасы маңынан жиі бой көрсетті. Жылдам гол соғу мүмкіндігін көздеген олар диттеген

мақсатына жете алмай жатты. Десе де ойынның 15-минутында «Ертіс» сапынан Жан Морел По Нұрымжан Салайдин қорғаған қақпадан саңылау тауып, өз командасын алға шығарды. Бұдан кейін қызылордалық футболшылар белсенділігін арттыра түсті. «Қайсардың» жартылай қорғаушысы Никола Пуцкич 44-минутта айып добын шебер орындап, қақпа торын бүлк еткізді.

Екінші кезеңде қос команданың есепті өзгертетін бірнеше мүмкіндігі болған еді. Нәтижесінде 65-минутта «Қайсар» қорғаушысы Стефан Букорац әуелете берілген допты баспен қақпаға енгізді. Осылайша жерлестеріміз сырт алаңда қарсыласынан 2:1 есебімен басым түсіп, маңызды үш ұпайға қол жеткізді.

Бірінші айналымнан кейін 17 ұпай жинаған қызылордалық клуб турнир кестесінде 11-орынға көтерілді. Енді олар екінші айналымның алғашқы ойынын 5 шілдеде өз алаңында «Ертіске» қарсы өткізеді.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

ТІРШІЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІН ҚОРҒАҒАН

«Қазсушар» РМҚ «Сыр суы» филиалы — облыс орталығынан басқа аудан және ауыл тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ететін бірыңғай оператор. Мекеменің негізі 1950 жылы қаланды. Ол кезде Қызылордадағы плотина құрылысын қаржыландыратын дирекция ретінде жұмыс істеген. Кейін қызмет аясы кеңейіп, су шаруашылығы, өндірістік және азаматтық құрылыс нысандарын басқарумен айналысты.



Тәуелсіздік жылдары мекеме біртіндеп су шаруашылығы саласына маманданды. 2012 жылдың 5 қаңтарында Үкімет қаулысына сәйкес, «Қазсушар» РМҚ құрамында «Арал» СЖКБД филиалы құрылса, 2019 жылы ауызсу саласын басқаруды жетілдіру мақсатында филиал «Қазсушардан» бөлініп, Нұра топтық су құбыры құрамына өтті. Содан бері өңірдің ауызсу жүйелерінің бірыңғай операторы ретінде жұмыс атқарады.

2024 жылдың қыркүйек айында филиал қайтадан «Қазсушар» РМҚ құрамына өтіп, атауы «Сыр суы» болып өзгерді, онда 1700-ден астам қызметкер жұмыс істейді.

Бүгінде су ресурстарын басқару мәселесі әлемдік деңгейдегі маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Климаттың өзгеруі, су қорының азаюы және экологиялық мәселелер су көздерін қорғауға ерекше назар аударуды талап етеді. Осындай жауапты кезеңде халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету, су көздерін сақтау және гидротехникалық нысандардың қауіпсіз жұмысын ұйымдастыру — біздің басты міндетіміз. Тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз етуде ауа райының қолайсыздығына, жазғы күннің аптап ыстығына, қыстың қақаған аязына қарамастан орын алған апаттық жағдайларды дер кезінде қалпына келтіре отырып, тәулік бойы үздіксіз ауызсумен қамтамасыз етудегі филиал қызметкерлерінің еселе еңбегі осының дәлелі десек артық айтқандық емес шығар.

Әрине, қызмет көрсету тек қана жақсы мамандардың жұмысымен реттелмейді. Оған жақсы жағдай жасау, техниккамен, технологиямен қамтамасыз ету — филиалдың басты бағыттарының бірі. Осы ретте, тікелей басшылық ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің қамқорлығын айтайып кетуге болмайды. Министрлік ең бірінші заңнамалық оқылықтарды қолға алып, жаңа Су кодексінің бекітті. Сушылардың қызметін жақсарту мақсатында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы автокөліктермен, арнайы техникалармен жабдықтады. Соның ішінде филиалға 46 техника табыс етілді. Сушы қызметкерлердің еңбегін өз дәрежесінде бағалай отырып, айлық жалақыны энергетика салысымен орташа айлық жалақысымен теңестіруге мүмкіндік беретін тетіктерді қолданыстағы заңнамаға өзгеріс енгізе отырып, Үкімет деңгейінде бекітіп берді. Осы заңнама талаптарын қолдана отырып, филиал қызметкерлерінің айлық жалақысы өткен жылы 20 пайызға, биыл маусым айынан бастап тағы 20 пайызға көтерілді. Осы процесс жоғарыда атап өткен энергетика саласы қызметкерлерінің орташа айлық жалақысымен теңестірілгенше тоқтамайды. Бұл — су саласында қызмет етіп жүрген біз үшін зор қуаныш, үлкен жетістік.

Цифрлық инфрақұрылымды дамыту, өндірістік процестерді автоматтандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету — заман талабы. Осы бағытта филиал спутниктік мониторинг жүйесін енгізу, орталықтандырылған SCADA диспетчерлік жүйесін дамыту, электромагниттік шығын өлшегіштерді пайдалану арқылы су шығынын автоматтандырылған есепке алу жүйесін енгізу, барлық өндірістік учаскелерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету, сондай-ақ компьютерлік техниканы жаңғырту және ақпараттық ресурстардың қорғалу деңгейін арттыру мақсатында бірнеше электронды жабдықтар сатып алып, ауызсу құрылымдарына орнатылды. Жүргізілген жұмыстар өндірістік нысандарды басқару тиімділігін арттыруға, технологиялық процестерді бақылау сапасын жақсартуға және одан әрі цифрлық трансформациялауға негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді және кезең-кезеңімен атқарыла береді.

Суды үнемдеп пайдалану — уақыт талабы. Үнемдеу технологиясын, айналымды және қайталама сумен жабдықтау жүйелерін өндіріске енгізу мақсатында ауызсу тұтынушыларға ҚР Су кодексінің жаңа талаптарға сәйкес түсіндірме жұмыстары тұрақты ұйымдастырылып отыр. Атап айтсақ, филиал мамандары мамыр айында Алматы қаласындағы «Алматы су» РМҚ-не іссапармен барып, су үнемдеу

технологиясын пайдалануын, іс жүзінде қолданып отырған нысандарын барып көріп, тәжірибе алмасты. Сонымен қатар, «ҚазНТ» компаниясындағы су үнемдеу қондырғыларын шығаратын зауыттың жұмысымен танысып, ақпараттық-танымдық мәліметтер алды. Суды үнемдеуді насихаттау үшін топ құрылып, облыстық «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасымен бірлесіп, Жаңақорған, Шиеді, Қармақшы, Қазылы, Арал аудандарында және Қызылорда қаласындағы су пайдаланушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, арнайы дайындалған брошюралар таратылды. Атқарылған іс-шаралар телеарнадың жаңалықтар бөлімінде хабарлама ретінде таратылып, халыққа қолжетімді You Tube арнасында жарық көрді. Жалпы, ауызсу үнемдеу, болашақ ұрпақ үшін сақтау — әрбір азаматтың міндеті және оны насихаттау біздің тұрақты түрде айналысатын бағытымыз болып қала береді.

Ауызсу мекемелерінің мамандары су көздерін қорғау, су тазарту технологияларын жетілдіру, су құбырлары желілерін жаңғырту және апаттың алдын алу бағытында елеулі нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Олардың еңбегінің арқасында көптеген елді мекен таза ауызсумен қамтылып, су беру жүйелерінің сенімділігі артып отыр. Кәсіби шеберлігімен ерекшеленген қызметкерлер турлі марапаттарға ие болып, әріптестеріне үлгі көрсетуде.

Еңбек аулеттерінің өнегелі жолы және ұрпақтар сабақтастығы — саланың басты байлығы. Олардың адал еңбегі мен кәсібилігі халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз етіп қана қоймай, еңбекке деген құрмет пен жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсетеді. «Сыр суы» филиалында осы дәстүрді жалғастырып келе жатқан бірнеше отбасы бар. Біз оларды мақтан тұтамыз. Олар ең алдымен күнделікті сапалы ауызсу тұтынуға халықтың алғысын алып отыр. Осы ретте, су шаруашылығы мамандығын бітірген студенттерді филиалдың жұмысымен танысуға, аға буынның тәжірибесін үйренуге шақырамыз. Быыл 17 студент тәжірибеден өтті. Арнаулы орта және жоғары оқу орындарымен тікелей байланыс бар, салалық мамандық иелерін тәжірибеден өткізу және жас мамандардың бастаған мамандықтарына шақыру — министрліктің қойған нақты талабы және филиалдың басым бағыттарының бірі. Филиал мамандары мектеп оқушыларымен де кездесіп, қызығушылығын ояту үшін осы саланың қызметімен таныстырып, бірнеше рет кездесулер ұйымдастырды.

Сушылардың мәртебесін көтеру, ұжым арасындағы өзара сыйластық пен жақсы қарым-қатынасты нығайту мақсатында қоғамдық-мәдени іс-шаралар мемлекеттік және кәсіби мерекелер қарсаңында тұрақты ұйымдастырылып келеді. Бұл ретте жергілікті кәсіподақ ұйымының рөлі ерекше. Үлгілі қызметкерлерді марапаттауда, олардың адал да қажырлы еңбегін насихаттауда, еңбеккерлердің құқығын қорғауда жоспарлы әрі нәтижелі жұмыстар жасалауда.

Алдағы келе жатқан Сушылар күні — табиғат байлығын көздің қарашығындай сақтап, ел игілігі үшін қызмет етіп жүрген мамандардың кәсіби мерекесі. Су — тіршіліктің қайнар көзі, табиғаттың баға жетпес байлығы. Адамзат өмірінде ерекше орын алатын осы қазынаны сақтау мен тиімді пайдалануда су шаруашылығы саласы қызметкерлерінің еңбегі зор. Сондықтан Сушылар күні — елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген мамандарға көрсетілетін құрметтің белгісі.

Олардың еңбегі ауыл шаруашылығының дамуына, экологиялық тепе-теңдіктің сақталуына және халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатынын артуына тікелей әсер етеді. Осы ретте, су шаруашылығы саласының барлық қызметкерлеріне зор денсаулық, еңбектеріне табыс, отбасыларына амандық тілейміз. Ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз әрдайым жемісті болып, тәуелсіз Қазақстанның дамуына қосатын үлестеріңіз арта берсін!

Ержан ӘМИША,
«Қазсушар» РМҚ «Сыр суы»
филиалының директоры

Қазақ тілі туралы сөз болғанда біз көбіне оның мәртебесін, қолданылу аясын немесе оны меңгерген азаматтардың үлесін талқылаймыз. Алайда бүгінгі ақпараттық қоғамда тілдің өміршеңдігін анықтайтын өлшемдер өзгерді. Енді тілдің қуаты оны қанша адамның білетінімен ғана емес, сол тілдің ақпараттық кеңістіктегі ықпалымен, цифрлық технологиялардағы қолданысымен және әлемдік аудиторияға қаншалықты жетіп жатқанымен өлшенеді. Сондықтан мемлекеттік тіл мәселесіне бұрынғы көзқараспен қарау жеткіліксіз. Бүгінгі таңда қазақ тілінің болашағы сынып бөлмесінде немесе ресми құжаттарда ғана емес, әлеуметтік желілерде, медиаплатформаларда, жасанды интеллект жүйелерінде және халықаралық коммуникация кеңістігінде шешіліп жатыр.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ ҚОЛДАНЫЛУ ҚУАТЫМЕН ӨЛШЕНЕДІ



Сурет ЖИ көмегімен жасалды

Кейінгі жылдары мемлекеттік тілдің дамуына қатысты жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы мемлекеттік тілдің қоғамдық қатынастардың барлық саласында кеңінен қолданылуын көздейді. Құжатта қазақ тілінің цифрлық ортадағы үлесін арттыру, жаңа технологияларға бейімдеу және сапалы контент көлемін ұлғайту міндеттері белгіленген.

Бұл бағыттардың кездейсоқ таңдалмағаны анық. Себебі қазіргі әлемде тіл үшін күрес аудитория үшін күреске айналды. Кім ақпараттық кеңістікті игерсе, сол қоғамдық санаға ықпал етеді.

Жуырда Үкімет жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жөніндегі комиссияның отырысында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мемлекеттік тілдің ақпараттық кеңістіктегі үлесін арттыру мәселесіне арнайы тоқталды. Министрлік ұсынған мәліметке сәйкес, бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі онлайн-контенттің үлесі 78 пайызға жеткен. Мемлекеттік тілдегі интернет-ресурстардың үлесі шамамен 60 пайызды құрайды. Сонымен қатар отандық телевизиялық өнімдердің 70 пайыздан астамы қазақ тілінде эфирге шығуда.

Бұл көрсеткіштер мемлекеттік тілдің медиакеңістіктегі орны жылдан-жылға нығайтып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен бірге мемлекеттік тілдегі ақпарат пен сапалы контентке деген сұраныс тұрақты түрде артып келеді. Әсіресе жастар арасында қазақ тіліндегі цифрлық контенттің тұтыну көлемінің өсуі байқалады. Өңірлік ақпарат құралдарында да қазақ тіліндегі цифрлық контенттің сапасына қойылатын талап күшейіп, аудиторияның сұранысы бұрынғыдан әлдеқайда арта түсті. Осыған байланысты министр бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тіл саясаты талаптарының сақталуын тұрақты бақылауда ұстауды, қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды тапсырды.

Бүгінде ақпараттық кеңістіктегі бәсеке тілдердің де бәсекесіне айналды. Азаматтардың басым бөлігі жаналықты әлеуметтік желілерден оқып, қажетті ақпаратты интернеттен іздейді. Сондықтан тілдің өміршеңдігі оның интернеттегі үлесімен ғана емес, сапалы контент өндіру мүмкіндігімен де өлшенеді.

Қазақ тіліндегі контент көлемі айтарлықтай артқанымен, ғылыми-сараптамалық материалдар, деректі жобалар, технологиялық өнімдер мен жасанды интеллект жүйелеріне қажетті деректер қоры әлі де жеткіліксіз. Бұл жағдай мемлекеттік тілдің цифрлық ықпалын толық жүзеге асыруға кедергі келтіреді.

Мемлекеттік тілдің даму мәселесі ғылыми ортада да кеңінен талқыланып келеді. Филология ғылымдарының кандидаты Аман Абасиловтың айтуынша, қазақ тілі өзінің фонетикалық жүйесі, лексикалық байлығы және грамматикалық құрылысы жағынан дүниежүзіндегі ешбір тілден кем емес.

«Қазақ тілінің ақсап тұрған жері қоғамдық өмір салаларындағы қолданысы мен сөйлеушілерінің санына байланысты. Жалпы қандай да бір тілдің мықты тілге айналуы оның сөйлеушілер санымен өлшенеді», – дейді ғалым.

Социоллингвист-ғалым Аман Абасилов әлемдік тілдік тәжірибеде тіл дамуын жоспарлаудың төрт негізгі бағыты бар екенін атап өтеді. Олар:

1. Тілге мәртебе беру арқылы дамытуды жоспарлау.
2. Тіл дамуын корпустық жоспарлау.
3. Тілдің қолданыс өрісін кеңейтуді жоспарлау.
4. Тіл беделін арттыруды жоспарлау.

Ғалымның пікірінше, тілді оқыту, тіл менгерту, тіл білудің экономикалық тұрғыдан тиімді болу бағыттары мемлекеттік тілдің болашағы үшін маңызды. Әсіресе қазіргі цифрлық дәуірде қазақ тілінің қолданылу өрісін кеңейтіп, оның беделін арттыру мәселесі өзекті болып отыр. Себебі тілдің өміршеңдігі заңмен ғана емес, оның қоғамдағы сұранысымен, ақпараттық кеңістіктегі ықпалымен және сапалы контент арқылы өлшенеді.

Бүгінде әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тіл тек мәдени құндылық қана емес, экономикалық ресурсқа да айналып отыр. Нарық қай тілде сөйлесе, бизнес те сол тілде қызмет көрсетуге ұмтылады. Қазақстанда қазақ тілінде қызмет көрсететін кәсіпорындардың, қазақтілді цифрлық өнімдердің және ұлттық брендтердің көбеюі мемлекеттік тілдің экономикалық әлеуетінің артып келе жатқанын аңғартады. Сондықтан қазақ тілін дамыту шығын емес, елдің адами капиталы мен болашақ экономикасына салынған инвестиция ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазақ тілінің болашағы туралы айтқанда бір маңызды жайтты ескерген жөн. Қазақстанда мемлекеттік тілді меңгерген азаматтардың саны жыл сайын артып келеді. Бірақ тілдің нақты күші оны күнделікті өмірде қолдану деңгейімен өлшенеді. Егер азамат ақпаратты басқа тілде іздеп, жаналықты басқа тілде оқып, ойын басқа тілде жеткізсе, онда тілдің қоғамдық ықпалы әлсірей береді.

Осы тұрғыдан алғанда қазақтілді контенттің сапасы мен көлемі стратегиялық маңызға ие. Бүгінде жастардың негізгі ақпарат көзі – әлеуметтік желілер. TikTok, Instagram, YouTube, Telegram және түрлі стриминг платформалары қоғамдық пікір қалыптастыратын негізгі алаңдарға айналды. Сондықтан қазақ тілінің келешегі осы кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігіне байланысты.

Қазақ тілін әлемге таныту мәселесінде мәдени дипломатияның орны ерекше. Соның айқын бір ғана мысалы – Димаш Құдайбергелінің шығармашылығы. Оның өнері арқылы миллиондаған адам қазақ тіліндегі әндерді тыңдап, қазақ мәдениетімен танысты. Бұрын қазақ тілін ешқашан естімеген аудитория қазақ әндерін іздеп, мәтіндерінің мағынасын зерттей бастады. Бұл – мемлекеттік тілді халықаралық деңгейде насихаттаудың ең тиімді үлгілерінің бірі.

Димаштың жетістігі бізге маңызды сабақ береді. Тілді әлемге таныту үшін тек

ресми бағдарламалар жеткіліксіз. Әлем назарын сапалы мәдени өнім ғана аудара алады. Егер қазақ тілінде халықаралық деңгейдегі фильмдер, деректі жобалар, музыкалық өнімдер мен цифрлық контент көбейсе, мемлекеттік тілдің жаһандық ықпалы да арта түседі.

Тілдің беделі көбіне оны насихаттау көлемімен емес, сол тілде жетістікке жеткен тұлғалардың ықпалымен қалыптасады. Жастар белгілі бір тілді міндет болғандықтан емес, сол тіл арқылы білім алып, мансап құрып, әлемдік деңгейде танылуға мүмкіндік бар екенін көргенде үйренеді. Сондықтан мемлекеттік тілдің беделін арттыру үшін оны табыстың, кәсібиліктің және жаңа мүмкіндіктердің тіліне айналдыру маңызды.

Қазақ тілінің халықаралық кеңістіктегі әлеуетін арттыруда шетелдегі қандастардың да үлесі ерекше. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде өмір сүріп жатқан қандастар ана тілін сақтап қана қоймай, қазақ мәдениетін насихаттап келеді. Олар әлеуметтік желілер арқылы қазақтілді аудиторияны кеңейтіп, ұлттық құндылықтарды келесі ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Қандастар тәжірибесі тағы бір ақиқатты көрсетеді. Тілді сақтау үшін міндеттеу жеткіліксіз, оған қажетті орта қалыптастыру керек. Қазақ тілі сұранысқа ие болған жерде ғана дамиды.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік тілдің алдында жаңа сын-қатерлер пайда болды. Соның бірі – жасанды интеллект дәуірі. Егер қазақ тіліндегі цифрлық деректер жеткіліксіз болса, болашақ технологиялар бұл тілді толыққанды игере алмайды. Демек, қазақ тіліндегі ғылыми, танымдық, сараптамалық және медиалық контент көлемін арттыру ұлттық маңызы бар міндетке айналдырылған.

Қазақ тілінің алдында бұрын болмаған жаңа міндет тұр. Егер өткен ғасырда тілдің болашағы мектеп пен отбасында шешілсе, бүгін оның болашағы цифрлық платформалар мен алгоритмдердің ықпалына тәуелді болып барады. Әлеуметтік желілер қандай контентті алға шығарса, аудитория да соны тұтынады. Жасанды интеллект қандай тілдегі деректермен оқытылса, ертең сол тілге басымдық береді. Сондықтан мемлекеттік тілді дамыту мәселесі енді тек гуманитарлық емес, технологиялық міндетке де айналды.

Сарапшылардың пікірінше, әлемдегі ықпалды тілдердің басымдығы бүгінде олардың цифрлық кеңістіктегі үлесімен анықталады. Сондықтан қазақ тілін сақтаудың ең тиімді жолы – оны технологияның, ғылымның және инновацияның тіліне айналдыру.

Бұл мақсатқа жету үшін бірнеше нақты қадам қажет. Біріншіден, қазақ тіліндегі сапалы журналистиканы қолдау жүйесін күшейту керек. Қоғамға әсер ететін аналитикалық мақалалар мен зерттеулер көбейген сайын мемлекеттік тілдің беделі артады.

Екіншіден, цифрлық платформалардағы қазақтілді контент өндірісіне жағдай жасау маңызды.

Үшіншіден, жасанды интеллект жүйелерін қазақ тіліне бейімдеуге бағытталған ғылыми жобаларды қолдау қажет.

Төртіншіден, әлемдегі қандастарды ортақ ақпараттық кеңістікке біріктіретін жаңа медиажобаларды дамыту керек.

Бесіншіден, қазақ тілін халықаралық деңгейде насихаттауын мәдени бастамаларға тұрақты қолдау көрсетілуі тиіс.

Кейде мемлекеттік тілді қорғау деген ұғым оны сақтап қалумен ғана шектеліп жатады. Алайда XXI ғасырда тілді сақтау жеткіліксіз. Тіл дамуы үшін ол жаңа білімнің, жаңа технологияның және жаңа мүмкіндіктің тіліне айналуы қажет. Болашақта қазақ тіліне ең үлкен қауіп оны білмейтін адамдардан емес, оны қажет етпейтін ортадан келуі мүмкін.

Қазақ тілінің болашағы туралы пікірталас әлі де жалғасып келеді. Бірі оны заң арқылы күшейту қажет десе, енді бірі білім беру жүйесіне үміт артады. Алайда цифрлық дәуірдің шындығы басқа сұрақ қойып отыр: қазақ тілі ертеңгі технологиялардың, ғылымның және жаһандық коммуникацияның тілі бола ала ма?

Бұл сұрақтың жауабы министрліктердің есептерінде емес, күн сайын өндіріліп жатқан контентте жатыр. Егер қазақ тілінде сапалы журналистика жасалса, ғылыми зерттеулер жарияланса, жаңа медиа өнімдер дүниеге келсе, жасанды интеллект жүйелері қазақ тілінде еркін жұмыс істесе, онда мемлекеттік тілдің болашағына алаңдаудың қажеті болмайды.

Тілдің тағдырын заң ғана емес, қоғамның таңдауы шешеді. Сондықтан бүгінгі таңда мемлекеттік тілді қолдау дегеніміз – қазақ тілінде сапалы өнім өндіру, бәсекеге қабілетті ақпарат қалыптастыру және оны әлемдік кеңістікке шығару. Мемлекеттік тіл үшін күрес енді аудитория үшін күреске айналды. Бұл күресте жеңіске жетудің жалғыз жолы – қазақ тілін заманның ең қуатты коммуникация құралына айналдыру.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы»

ЖАНЫҒЫЗ БОЛСЫН ЖҰМАҚТА



Ағайынның ақылшысы, отбасының тірегі болған ардақты әкеміз Жәрімбетов Қазыбек Сыдықұлы 28 маусым күні мәңгілік мекеніне аттанып кете барды.

Әкеміз 1938 жылдың 16 тамызында Қазалы ауданы, Аранды ауылдық советі, Қожабақы ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Қазалы қаласындағы Молотов атындағы №17 қазақ орта мектебін бітірген. 1960 жылы Алматы қаласындағы зооветеринарлық институтын малдәрігер мамандығы бойынша тәмамдап, алғашқы еңбек жолын Қазалы ауданының Бозкөл совхозында бас малдәрігері болып бастады. 1978 жылы Қызылорда қала-

сындағы аудандық ветеринария лабораториясына ауысып, сол жылы шілде айынан бастап облыстық ветеринарлық лабораторияның бас меңгерушісі болып абыройлы қызмет атқарып, 2001 жылдың тамызы айынан бастап құрметті зейнетке шықты.

Еңбек жолында өзінің кәсіби біліктілігімен, жауапкершілігімен және адал еңбегімен ерекшеленіп, ветеринария саласының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Аяулы анамыз Аймаханова Бақытжамалмен шаңырақ құрып, өмірге 5 қыз, 1 ұл әкеліп, барлығына жоғары білім алуына жол сілтеп, саналы тәрбие берді.

Ардақты әкеміз Қазыбек Сыдықұлының бірінші бейшенбілігі 2 шілде күні сағат 18.00-де Қызылорда қаласы, Алмағанбетов көшесі 17 А мекенжайында орналасқан «Аль-Баракат» асханасында беріледі. Барлық ағайын-туыс, құда-жекежат, көрші-көлем, тілеулес жандарды қасиетті құран ішінде болуға шақырамыз.

Балалары, немерелері

/// БІЛГЕНІМ БІР ТОҒЫЗ...

АҢҚАУ ЕЛГЕ АРАМЗА АСТРОЛОГ ШІЛДЕ АЙЫ ЖӘНЕ ХАБАР «ТАУАР» БОЛҒАН ЗАМАН



Сурет ашық дереккөзден

Шілде айы тұмай жатып, үш-төрт күн ыстықтан «ысыратқа» түстік.

Синоптиктердің айтуынша, биылғы жазда еліміздің көп бөлігінде – Түркістан, Жамбыл және Алматы, Жетісу облысында, Қызылорда облысының басым бөлігінде, сондай-ақ Ұлытау, Қарағанды, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір аудандарында ауа температурасы нормадан жоғары болады дейді. Біздің норма 40 қой, шілденің алғашқы аптасы күн ыстықтығы 30 бен 39 арасын адам ағзасына қанағаттануға жеткізіп, сосын тағы көтеріле түседі.

Осыған тоқтайық. Ал, енді бір білгіш биыл аспан өртенетін ыстық болады, бұл жер бетін ауру-сырқаудан арылту үшін жасалып жатқан табиғат «қамқорлығы» деп соқты.

Ыстық болса, бола берсін. Әрі-беріден соң ыстық дегенің адам ағзасына қаншама пайда әкелетінін біл.

Күн сәулесі – бактерияларды өлтіреді. Тері күнге неғұрлым күйген сайын, бактерияларды жоятын қуат соғұрлым көбейе түседі. Ультратүзілген сәулелері әсерінен арылу тегіз қызарып, ағзаның зат алмасуы, қан айналысы жақсартады.

Осы ыстықта қазақ ыстық шай ішіп отырады. Ыстық күні шай ішу: метаболизмнің жақсаруына ықпал етеді; жүкпалармен күреседі; ыстық шай біздің иммунитетімізді жақсарта алады (коронавирус кезінде бізге күшті иммунитет көмектесті); арықтауға септеседі, т.б. Бірақ, шайға қасықтап қант салып ішу әдетінен арылу керек, оның орнына жеміс-жидектер, лимон, жалбыз, зимбір қосып ішкенің дұрыс. Шіркін, қойдың қою сүтімен ішкен шай қандай!

Қазір интернетте сүтпен шай ішу зиян деген ақпараттар кездесіп қалады. Олар менің

ата-бабамнан ақылды емес. Зерттеулер көрсеткендей, сүт шайдың тек бірнеше қасиетін бәсеңдетеді. Ал оның қосып беретін пайдасы одан бірнеше есе көп. Біздің бір самаурынды бір өзі тауысатын әжелеріміз мұны оқымай-ақ білген.

Кеше ғаламтор көзіне шұқшылып отырып, тағы бір ақпаратқа кезіктім. «Бір миллиард жылдан соң біздің «Құс жолы» ғаламшары басқа бір ғаламшармен соқтығысып, әлем апатқа ұшырайды-мыс.

Галилей мен Гершельге сәлем айт болды, бұл. Миллиард жыл кейінгі білетін мұндай пайғамбар ғалымдардың болжамы «анқау елге арамза молда» дегеннің бір кейпі ғана. Шынында оған миллиард жылдан кейін сүт түстес түнгі аспанға қарап тұрып, «Құс жолы» қирайды дегенің қайда дейтін кім бар? Осы бір қарапайым ғана аксиоманы білетін «астрологтың» қандай «маңызды» хабар таратып отырғанын қараңызшы. «Аспан шырағына тиіспе, ол – бір Жаратушының мүлкі» деп ең болмаса имамдар айтсайшы.

«Көп айтса – көнді, жұрт айтса – болды» сене беретіндерге таңмын. «Пайғамбар айтты десе де, әулие айтты десе де, ақыл қалбас, ол маған жат» деген шіркін, Шәкәрім!

Айтпақшы, әлгі бір хабарды естіп, ауырып жатқан ағам оған сайын нашарлап қалды. «Бұл шілде жер бетін ауру-сырқаудан тазалайды екен» деп жатса, қайтсін, енді.

Қазір ақпараттық сауда заманы, хабар тауарға айналып кеткен. Өтірік болса да бірден айтады, оны ақшаға сатады. Сондықтан, айтты екен деп сене берудің жөні жоқ.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландырған газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.